

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Жаратылыстану-география факультеті

Биология және экология

Дәрілік өсімдіктер

Орындаған: 01405-топ студенттері

Кенжеғалиева А.
Ғилманов Е.
Қаташ Е.
Оңғарбаева Г.
Кенесбаева М.
Төлесінова Н.
Тағанхожа М.
Бақытова Ж.
Ақсұлтан Т.
Байғалиева Л.
Аскарова А.
Нұртай П.
Ермухаммедова К.
Бекежан М.
Амангелді Ә.
Масенов М.
Нұрбаева Г.
Құрманбай А.



Дүние: Өсімдіктер – Plantae

Бөлім: Гүлді өсімдіктер-Magnoliophyta

Класс: Қос жарнақтылар-Dicotyledones

Қатар:Астрагүділер- Asterales

Тұқымдас: Астралылар-Asteraceae

Туыс: Түймедақтар-Matricaria

Түр: Дәрілік түймедақ- *M. recutita*

Дәрілік түймедақ – биіктігі 35-40см –ге жететін бір жылдық шөптесін өсімдік. Гүлдері өте көп, себет гүл шоғырын түзеді. Гүлдері тұтас немесе біршама үгітілген жартылай шар тәрізді гүлсебеттерден тұрады. Себеттердің тілше гүлдері ақ түсті, түтікше гүлдерінікі сары, иісі күшті жұпар иісті, дәмі татымды. Жапырақтары кезектесіп орналасқан, сопақша пішінді, ұзындығы 2-5 см және ені 0,5-1,8 см. Гүлінің диаметрі 9 см-ге дейін жетеді

Таралуы

Алтайда, Жетісу (Жоңғар), Іле, Күнгей Алатауларының көбінесе ашық жерлерінде өседі. Ол кез-келген күн көзі толық әрі жақсы түсетін өңірлерде, құнарлы топырақты жерлерде өседі.

Қолданылуы

Түймедақтың гүлінен жасалған дәрілердің жел шығаратын, қабынуға қарсы әсер ететін, тер шығаратын, ауырған жерлерді тыныштандыратын, денедегі бұлшық еттердің тырысуына қарсы әсер ететін қасиеттері бар. Сонымен қатар қан тоқтататын, микробты жоятын, өт айдайтын, етеккірдің келуін реттейтін дәрі ретінде де қолданады. Халық медицинасында өсімдік гүлдерінің тұнбасынан жасалған дәрілерді асқазанның, тоқ ішектің қабынуын, бауырдың, бүйректің, қуықтың ауруларын емдеу үшін пайдаланады. үймедақты шаштың қайызғағын кетіру үшін де пайдаланады.



Патшалық: Өсімдіктер – Plantae

Бөлім: Гүлді өсімдіктер - Angiosperms

Класс: Қосжарнақтылар - Magnoliopsida

Тұқымдас: Еріндігүлділер - Lamiaceae

Туыс: Жалбыз - Mentha

Түр: Арық жалбыз – Mentha longifolia

Арық жалбыз (лат. *Mentha longifolia*) ерінгүлділер тұқымдасының жалбыздар туысына жататын тамыр сабақты көпжылдық шөптесін өсімдік. Биіктігі 30-180 см, жапырақтары қарама-қарсы орналасқан, сағақсыз, қандауыр тәрізді, үстіндегі беті қошқыл жасыл, астыңғы беті - ұйысқан ақ түкті. Гүлдері сабақ ұшында үздікті шоқ, бұтақтарында масақ тәрізді болып шоғырланған. Тостағаншасы қоңырау пішіндес, күлтесі күлгін түсті. Маусым-тамызда гүлдейді. Жемісі төрт жарнақты.

Таралуы

Қазақстанда Орал, Қостанай, Семей, Атырау, Шығыс Қазақстан облыстарында, Жоңғар Алатауы аймақтарында кездеседі. Ылғалды жерлерде, арықтардың бойында өседі.

Қолданылуы

Арық жалбыз - эфир майлы, хош иісті және балды өсімдік. Оның жапырақтарын медицинада ішке қолдануға асқазан ауруларында асқорытуды ретке келтіру үшін, іштің шаншып ауруы кезінде, жүрек айну және ауру басуға пайдаланады. Сондай-ақ, парфюмерияда, конфет, ликер өндірістерінде пайдаланады.



Патшалық: Өсімдіктер - Plantae

Бөлім: Гүлді өсімдіктер - Angiospermae

Класс: Қосжарнақтылар –Magnoliópsida

Тұқымдас: Алқалар - Solanaceae

Туыс: Меңдуана - Hyoscyamus

Түр: Қара меңдуана - Hyoscyamus niger

Қара меңдуана (лат. Hyoscyamus niger) – алқалар тұқымдасы, меңдуана туысына жататын екі жылдық шөптесін өсімдік. Ұнамсыз иісі бар, улы өсімдік. Өсімдіктің сабағы тік, бұтақтары көп, биіктігі 20-120 см-ге дейін жетеді. Өне бойын түгелдей жұмсақ ақ түсті жабысқақ түк басқан. Гүлдері - ірілеу, бұтақшалардың ұшына таман, жапырақтарының қуысында орналасқан. Гүлінің түсі сарғыштау немесе сұрғылтақ, күлгін, сия-көк жүйкелері бар.

Таралуы

Қазақстанның барлық аймақтарында кездеседі. Ол тұрғын үй, мал қораларының маңында, жол бойында, егістіктің шетінде, керексіз қоқыс төгетін жерлерде жиі өседі.

Қолданылуы

Қара меңдуана дәрілік шикізаты және одан жасалған препараттар жүйке жүйесін тыныштандыруға, аяқ-қолдың дірілін басуға қолданылады. Өсімдік жапырағының ұнтағы "астматол" препаратының құрамына кіреді және кеңірдектің демікпе ауруына қарсы пайдаланылады. Меңдуана майы адамды тыныштандыруға, сондай-ақ ревматизм, радикулит ауруларына қарсы қолданылады.



Патшалығы: Өсімдіктер-Angiosperms

Класс: Қос жарнақтылар-Magnoliopsida

Тұқымдасы:Көкнәрлер -Papaveraceae

Туыс:Көкнәр - Papaver

Түр: Апиын көкнәрі- Papaver argemone

Апиын көкнәрі - Тамырының ұзындығы 20см, сабағы тік түксіз, көкшіл-жасыл түсті, биіктігі 100-150см. Жапырағы көкшіл-сұр түсті, жапырақ тақтасының жиектері терең иректелген салалы, сағақсыз, сабаққа кезектесе отырмалы бекінеді. Маусымда гүлдейді, гүлдері ірі, жеке-жеке орналасады, гүлшоғыр құрамайды.

Таралуы:Көкнәр тұқымдасы 26 туыс, 250 түрді біріктіреді. Тұқымдастың өкілдері Солт. жартышардың қоңыржай және субтропиктік белдеулерінде, сондай-ақ оңтүстік және тропиктік Африкада, Шығыс Австралияда, Арктикада кездеседі. Қазақстанда 8 туысы, 40 түрі кездеседі. Басым түрде бір және көпжылдық шөптесін

Қолданылуы:Дәрілік өсімдік ретінде медицинада 500-ден астам медициналық дәрілерге қосылады.Морфин мен пантопонды таза күйінде жанға батып ауырған жерді басып тыныштандыруға қолданады. Апиын әр түрлі наркотиктерді дайындауда құрамына қосатын өте бағалы медициналық шикізат.Тұқымын тамақ, кондитер өнеркәсібінде пайдаланады. Тұқымы өте майлы болғандықтан май алынады.Сәндік үшін бұйра көкнәрдi гүлзарларды өсіреді.



Класс: Қос жарнақтылар-Dicotyledones
Тұқымдас: Бақажапырақтылар-Plantaginaceae
Туыс: Бақажапырақтар– Plantago
Түрі: Орташа бақажапырақ-Plantago media

Орташа бақажапырақ- Бір жылдық шөптесін өсімдік, биіктігі 40 см-ге дейін. Сабағы күшті бұтақталған, тамырсабағы үлкен емес, үршық тәрізді болады. Жапырақтары ұзынша, түк басқан, қарама-қарсы орналасқан, жиектері бүтін. Гүлдері ұсақ, масақ тәрізді гүлшоғырын құрады. Жемісі эллипс тәрізді, қостұқымды қорапша. Олар өзен, көл жағаларында, шабындықтарда, шөлді, құмды, далалы жерлерде, жол бойында өседі

Таралуы: Шығыс Закавказьеде, Түркменияда өседі. Қазақстанда оның 1 ғана бақажапырақ туысы бар

Қолданылуы: Шөбінде бақажанырақ сөлін алады. Дәндерінің тұндырмасы іш айдайтын препарат ретінде қолданылады. Оны ең бастысы: теріне шыққан жараның барлық түріне тартады. Асқазан ауырғанда жапырағын езіп шырынын ішуге болады. Осы күнгі халық медицинасында бақажапырақты әртүрлі ауруларға пайдаланады.



Татшалығы: Өсімдіктер - Plantae

Бөлімі: Гүлді өсімдіктер— Angiosperms

Классы: Қос жарнақтылар— Magnoliopsida

Тұқымдасы: Құлқайырлар - Malvaceae

Туысы: Жалбызтікен - Althaea

Түр: Дәрілік жалбызтікен-Althaea officinalis

Дәрілік жалбызтікен (*Althaea officinalis*) —құлқайырлар тұқымдасына жататын көпжылдық шөп өсімдігі. Жалбызтікен – биіктігі 60-150 см – ге жететін көпжылдық шөптесін өсімдік. Өсімдіктің сыртын қалың түк басқаннан кейін оның түсі сұрғылт жасыл болады. Тамыр сабағы өте жуан,бірақ қысқа ,ал одан өте қуатты білеу тамыры өседі. Тамыры етжінді ақшыл түсті, цилиндрге ұқсас тығынынан тазартылған тамыр ұшына қарай аздап жіңішкерген ұзындығы 10-35 см, ені 2 см.

Таралуы: Далада, шалғында, өзен аңғары мен жағалауларында, орман-тоғайда, шабындықтарда, бұта арасында өседі.

Қолданылуы: Дәрілік жалбызтікен тамырының медициналық қолданылуы: тыныс жолдарының қабынуы жағдайында, сондай-ақ ауыр гастрит, энтероколит, іш өту кезінде, қақырық түсіретін және жараны тез бітіретін зат болып табылады.

Препараттар: ұнтақ, тұнба және шәрбат түрінде қолданылады, жалбызтікен жапырақтарынан Мукалтин деген препарат алынады. Оны қақырық түсіруге қолданады.



Дүние: Өсімдіктер –Plantae

Бөлім: Гүлді өсімдіктер-Magnoliophyta

Класс: Қос жарнақтылар-Dicotyledones

Тұқымдас: Жасаңшөп-Crassulaceae

Туыс: Семізот – Rhodiola

Түр: Алтын тамыр–Rhodiola rosea

Алтын тамыр немесе **Қызғылт семізот** (лат. *Rhodiola rosea*) — ірі әрі жуан тамыры бар, жасаңшөп тұқымдасының семізот туысына жататын көп жылдық, шөп тектес, өте бағалы дәрілік өсімдік. Кейбір тамырының салмағы 900 грамға дейін жетеді. Тамырының сырт жағы алтын түстес сары да, ішкі жағы ақ түсті, кепкен кезде тамырының сынған жері ашық қызыл түсті болады. Тамырының сыртқы қабығын пышақпен ептеп аршыса мұрынға аңқыған хош иіс келеді, ал сыртқы қабықтан кейінгі қабық лимон сияқты сары түсті болады.

Өсімдіктің таралуы: Алтайдан басқа Тарбағатай тауында және Жоңғар Алатауының солтүстік беткейінде кездеседі. Ылғалды, ірі қиыршық тасты беткейлерде, өзен аңғарлары мен жағалауларында, шалғындықтарда және бұта шіліктерінде орманның жоғарғы бөлімінен Альпі белдеуіне дейінгі аралықта өседі. Кейде үлкен, көңіл аударлық шіліктер құрайды.

Қолданылуы: Халық медицинасында бұл өсімдіктің тамырынан жасалған дәрілерді адамның еңбек ету қабылетін күшейтетін, шаршағандықты басатын дәрі ретінде пайдаланады.



Дүние: Өсімдіктер – Plantae

Бөлім: Гүлді өсімдіктер-Magnoliophyta

Класс: Қос жарнақтылар-Dicotyledones

Қатар: Бұршақтар- Fabales

Тұқымдас: Бұршақ- Fabaceae

Туыс: Жантақ - Alhagi

Түр: Кәдімгі жантақ- *A. pseudalhagi*

Сипаттама

Бұршақ тұқымдасына жататын көп жылдық өсімдік. Бұтақталып өседі. Қазақстанның шөл далалық аудандарында сұр, құмайт және сортаң топырақты жерлерде, өзен аңғарларында, тау бөктерлерінде өседі. Арамшөп ретінде суармалы егістікте де кездеседі.

Таралуы:

Еліміздің барлық Оңтүстік аудандарында, Орта Азия, Кавказда кеңінен таралған.

Қолданылуы:

Жантақ— дәрілік өсімдік, оның қабығында қант, илік заттар, эфир майы, ал тамырында алкалоидтар, глюкозидтер, шайыр, бояғыш заттар болады. жантақтан алынған дәріні қуыққа тас байланғанда, өт, несеп жолдары қабынғанда ішеді.



Патшалығы: Өсімдіктер-Plantae

Бөлімі: Жабық тұқымдылар-Angiospermae

Классы: Қосжарнақтылар-Dicotyledoneae

Қатары: Орталық тұқымды-Centrospermae

Тұқымдасы: Құлқайырлар-Malvaceae

Туысы: Жөке-Tilia

Түрі: Өзекті жөке-Tilia cordata

Сипаттама:

Өзекті жөке (лат. *Tilia cordata*) құлқайырлар тұқымдасы, жөке туысына жататын ағаш. Биіктігі 30 м-ге дейін жететін, қара қоңыр түсті жылтыр қабығы бар. Жапырақтары кезектесе орналасқан, сағақтары ұзын, жүрек тәрізді, шеттері майда, ара тісті, ұштары сәл сүйірлеу. Гүлдері ашық сары, кішігірім гүлшоғырын жасап тұрады. Әрбір гүлшоғырының жанында қосымша жапырақшалары бар. Жемісі бір-екі тұқымды жаңғақша. Маусым-шілде айларында бар болғаны 10-15-ақ күн гүлдейді.

Таралуы:

Еуропада, Ресейдің еуропалық бөлігінде таралған. Қазақстанда барлық жерлерде кездеседі.

Қолданылуы:

Дәрі жасау үшін жөке ағашының гүлдерін қосымша жапырақшаларымен бірге жинап алады. Гүлдерінен жасалған сулы тұнбалар тер шығарады, дененің қызуын төмендетеді, микробтарды жояды. Халық медицинасында гүлін ревматизмге, жөтелге, іштің түйнеп ауруына да қарсы қолданады. Жөке ағашы құрылыста, жиһаз жасауда пайдаланылады. Көркем ағаш ретінде саябақтарда әсемдік үшін өсіріледі.



Патшалығы: Өсімдіктер-Plantae

Бөлімі: Гүлді өсімдіктер-Magnoliophyta

Класс: Қос жарнақтылар-Dicotyledones

Қатар: Бұршақгүлділер-Fabales

Тұқымдас: Бұршақтар-Fabaceae

Туыс: Мия-Glycyrrhiza

Түр: Қызылмия-Glycyrrhiza glabra

Қызылмия (лат. *Glycyrrhiza glabra*) – бұршақ тұқымдасы, мия туысына жататын көпжылдық шөптесін өсімдік. Биіктігі 30 – 80 см. Жапырақтарының көбі қауырсын пішінді. Гүлі ақшыл күлгін түсті. Маусым – тамыз айларында гүлдеп, жеміс салады. Жемісі бұршақ.

Таралуы: Іле өзендерінің аңғары, Оңтүстік Қазақстан облысының далалы аймақтарында көп кездеседі.

Қолданылуы: Мия ертеден қолданылатын дәрілік өсімдік. Мия тамыры дәмінің ерекше тәтті болуына байланысты ерекше ат беріп, дәрі ретінде қолданған.



Дүниесі: Өсімдіктер-Plantae

Бөлімі: Гүлді өсімдіктер-Angiosperms

Класы: Қосжарнақтылар-Eudicots

Қатары: Асқабақгүлділер-Cucurbitales

Тұқымдасы: Асқабақтылар-Cucurbitaceae

Туысы: Асқабақ-Cucurbita

Түрі: Кәдімгі асқабақ-C. pepo

Кәдімгі асқабақ-біржылдық шөптесін өсімдік. Тамыры шашақты. Сабағының ұзындығы 5-8 м дейін жетеді. Жапырақтары кезектесіп орналасқан, гүлдері ірі, сары болып келеді. Әдетте аралармен тозанданады, гүлдеу уақыты маусым-шілде айлары.

Таралуы:

Отаны-Мексика. Көп өсіретін елдер қатарына Қытай, Үндістан, Ресей кіреді. Қазақстанда кеңінен таралған.

Қолданылуы:

Асқабақ ерте кезден дәрілік мақсатта қолданылған. Соның ішінде халық медицинасында көптеп пайдаланады. Цистит ауруына ем және ағзадағы зат алмасуды қалпына келтіреді.



Дүниесі: Өсімдіктер-Plantae

Бөлімі:Гүлді өсімдіктер-Angiosperms

Класы: Қосжарнақтылар-Eudicots

Қатары:Раушангүлділер-Rosids

Тұқымдасы:Раушандылар-Rosales

Туысы:Долана-Crataegus

Түрі: Кәдімгі долана-*C. laevigata*

Кәдімгі долана-ұзындығы 5-8 м,кей жағдайда 12м жетеді.Жапырақтары тегіс,кіші болып келеді,алғашында қағаз тәрізді болады одан соң қатаяды.Гүлдерінің диаметрі 1,2-1,5см,ақ, қызғылт түсті болып келеді.Мамыр-маусым айларында гүлдейді.Тамыз айында жеміс береді.

Таралуы:

Ресейде Еуропа аймақтарында кеңінен таралған. Қазақстанның таулы аймақтарында жиі кездеседі.Алтай, Тарбағатай. Жетісу, Іле Алатауларында кездесі.

Қолданылуы:

Халық медицинасында кеңінен қолданылады.Әсіресе ревматизм,ісік атеросклероз емдеуде пайдаланылады.



Патшалық: Өсімдіктер Plantae

Бөлім: Гүлді өсімдіктер Angiosperms

Класс: Қос жарнақтылар Magnoliopsida

Тұқымдас: Раушангүлділер Rosales

Туыс: Шырғанақ Hippophae

Түр: Итшомыр шырғанақ Hippophae rhamnoides

Итшомыр шырғанақ - өзен жағасы мен таулы, саздауыт жерде өсетін өсімдік. Бұл биіктігі көбіне 2-6, кейде 10-12 м аласа ағаш не бұта, бұтақтары тікенді, жапырағының ұзындығы 2-8 см, ені 2-8 мм.

Гүлі ұсақ, дара жынысты, сәуір немесе мамыр айыларында гүлдейді, ет-женді, сүйекті, Жемісі тамыз және қыркүйек айларында піседі. Түсі сарғылт не қызғылт.

Таралуы

Қазақстанда Сарыарқаның шығысында, Зайсан, Балқаш – Алакөл атырабында, Алтай, Тарбағатай, Жоңғар, Іле, Күнгей, Кетпен, Теріскей, Қырғыз Алатауларында, Қаратау, Батыс Тянь-Шаньда өзен бойларында, тоғайда, кейде тау бөктерінде өседі.

Қолданылуы

Тікенжидені әсемдік үшін құм, жырасай беткейін бекіту үшін өсіреді. Жемісінде витамин көп; жемісінен варенье, дәрілік май дайындалады. Тікенжиденің майы күйікті, ойықты, терінің сәуледен зақымдануын емдеуге, сондай-ақ асқазанның ойық жарасына қарсы қолданылады.



Дүниесі: Өсімдіктер - Plantae

Бөлімі: Гүлді өсімдіктер -
Angiosperms

Класы: Қосжарнақтылар - Eudicots

Қатары: Раушангүлділер – Rosids

Тұқымдасы: Раушандылар -
Rosales

Туысы: Итмұрын - Rosa

Түрі: Ит итмұрыны - *R. canina*

Ит итмұрынының биіктігі 1,5 метрден 2,5 метрге дейін жетеді. Жапырақтары орташа, ұзындығы 7-9 см, бетінде кішкене түктері бар. Гүлдері иіссіз. Бір-бірден немесе үш-үштен топтасқан. Жемістері тегіс, қызғылт түсті болып келеді. Піскен жемістің ұзындығы 16-22 мм-ге дейін жетеді. Жемістер тамыз айында пісіп-жетіледі.

Таралуы: Европа, Батыс Азия, Солтүстік Африка, Кавказ, Орталық Азия, Крымда көптеп кездеседі. Алтай, Тарбағатай, Жоңғар Алатауында көптеп кездеседі.

Қолданылуы: Халық медицинасында көптеп қолданылады. Тұмауды емдеуге көмектеседі. Ит итмұрынынан «Холосас» препаратын даярлайды.



Дүниесі: Өсімдіктер- Plantae

Бөлімі: Гүлді өсімдіктер- Magnoliophyta

Класы: Дара жарнақтылар- Liliopsida

Тұқымдасы: Амариллистер- Amaryllidaceae

Туысы: Жуа- Allium

Түрі: Сарымсақ- Allium sativum

Сарымсақ (лат. *Allium sativum*)- амариллистер тұқымдасының жуа туысына жата-тын адамзат кеңінен асқа, медицинада пайдаланатын көкөністің түрі.

Таралуы

Қазақстанда далалық шөл, шөлейтті жерлерде, әсіресе, таулы аймақтарда өседі.

Қолданылуы

Қарапайым сарымсақтың халықтық медицинада мың сан ауруға ем. Қытай халық медицинасы сарымсақты салқын тиюден болған аурулардың барлық түріне, тыныс жолдары ауруына, тіпті туберкулезге қарсы қолдануға кеңес береді. Тұмау, қолқаның қабынуы, өкпеге салқын тигенде 300 грамм сарымсақты ұсақтап, шарапқа араластырып, бетін мұқият жауып, 30 минут қояды. Тұнбамен арқа мен кеудені бір-екі рет ысқылап сүртіп тұрған пайдалы. Жүрек ауруларына да сарымсақ – таптырмайтын ем.



Дүниесі: Өсімдіктер-Plantae

Бөлімі: Жабық тұқымдылар- Magnoliophyta

Класс: Қос жарнақтылар- Magnoliopsida

Қатар: Ranunculales

Тұқымдасы: Сарғалдақтар-Ranunculales

Туысы: Сарғалдақ-Ranunculus

Түрі: Кәдімгі шытыр-Ranunculus acris

Сипаттама: Кәдімгі шытыр (лат. *Ranunculus acris*) - сарғалдақтар тұқымдасына жататын сарғалдақ тегінің көп жылдық шөп тектес өсімдік. Биіктігі 70 см-ге дейін жетеді. Сабақтары қысқа және тығыз түк басқан сайлары бар. Тамырлары түзу және қысқа көптеген ұсақ қосымша тамырлары бар. алтындай сары. Гүл сабақтарының да ұзына бойына созылған сайлары бар. Гүл тостағаншасының 5 түкті қалақшалары бар. Жемісі шар тәрізді көптеген жаңғақшалардан тұрады. Өсімдік бірінші рет 6 жылдығында гүлдейді.

Таралуы: Солтүстік жартышардың қоңыржай белдеулеріндегі аймақтарда кең таралған. Қазақстанның барлық өңірінде кездеседі. Шытыр арамшөп тәрізді бақшаларда, егістік жерлерде, шабындықтарда және батпақты жерлердің шеттерінде, өзендер мен көлдердің жағаларында да көп кездеседі.

Қолданылуы: Дәрі мақсатында зәрлі сарғалдақтың шөбін пайдаланады. Оны бас ауруды, ревматизмді, подаграны, жараны, күйікті, емдеу үшін, сондай-ақ тонус көтеретін дәрі ретінде де пайдаланады. Өсімдік құрамындағы ротоанемонин - улы зат. Оның аз мөлшерінің өзі орталық нерв жүйесін қуаттандырғыш әсер етеді. Қандағы эритроциттер мен гемоглобиндерді көбейтуге көмектеседі..



Дүниесі: Өсімдіктер-Plantae

Бөлімі: Қылқан жапырақтар-Pinophyta

Табы: Қылқан жапырақтар- Pinopsida

Сабы: Қылқан жапырақтар- Pinales

Тұқымдасы: Қарағайлар тұқымдасы-

Pinus

Тегі: Қарағай-Pinus

Түрі: Кәдімгі қарағай- *P. silvestris*

Кәдімгі қарағай (*P. silvestris*)- қарағай тұқымдасына жататын, мәңгі жасыл, қылқан жапырақты ағаш кейде бұта. Еліміздің таулы аймақтарында бірнеше түрі кездесетін қылқанжапырақтыты мәңгіжасыл өсімдік. 500-600 жылға дейін өмір сүреді. Ең биік түрлері 50-60 метрге жетеді. Шыршаныкіндей емес қарағайдың қылқаны ұзын, жуандау. Қылқанының түсі түріне қарай сары, көкшілдеу, жасыл және қою жасыл болады.

Таралуы: Еуразияның қоңыржай және субтропиктік аймақтары мен Солтүстік Америкада өсетін 100-ге жуық түрі белгілі. Қазақстанда 2 түрі: кәдімгі қарағай (*P. silvestris*) және самырсын қарағайы (*P. sibirica*) бар. Бұлар республиканың солтүстік-шығыс, орталық бөліктеріндегі аралас ормандарда, басқа қылқан немесе жалпақ жапырақты ағаштар арасында өседі.

Қолданылуы: Оны кеме құрылысында, авиацияда, теміржолда және құрылыста кеңінен қолданады. Қарағайдың діңінде шайыр көп мөлшерде болады. Одан скипидар мен канифоль алынады. Канифольді сүргіт және лак дайындауда қолданады. Қарағайдың бүршіктері, эфир майы және шайыры бронхит, өкпе ауруларына қарсы пайдаланылады. Қылқанын С дәрумені жетіспегенде және алдын алу үшін қолданады.



Патшалық: Өсімдектер - Plantae **Бөлімі:**
Трахеофита - Tracheophyta
Класс: Шыршалы - Pinopsida
Қатар: Қылқан жапырақты - Pinales
Тұқымдас: Cupressaceae
Туыс: Juniperus - Арша
Түр:

I. Turkestanica - Түркістан аршасы бұтағы тік немесе жерге жайыла өседі. Биіктігі 1-2м дейін жетеді. Қылқаны қабыршақты тікенекті келеді.

Таралуы: Қазақстанның Түркістан аймақтарында кеңінен таралған.

Қолданылуы: Халық емінде жемісі ежелден-ақ несеп айдайтын және қуықтың қабынуын басатын дәрі ретінде қолданылып келеді.

**Назарларыңызға
рахмет!!!**